

Д. Мелс, 2-курс

Ғылыми жетекшісі: Н. Тлешалиев, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушысы

(Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы)

**КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДАҒЫ
ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ПРОФИЛАКТИКАСЫ МЕН БАЛАЛАРДЫҢ
ҚАДАҒАЛАУСЫЗ ЖӘНЕ ПАНАСЫЗ ҚАЛУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ**

1) Қадағалаусыз қалу — кәмелетке толмағандардың құқық бұзуына ықпал ететін, олардың мінез-құлқы мен тұрмыс жағдайына тиісінше бақылаудың жоқтығымен сипатталатын әлеуметтік құбылыс; 2) қадағалаусыз қалған бала — ата-анасының немесе олардың заңды

өкілдерінің, сондай-ақ педагогтардың, тәрбиешілердің және кәмелетке толмағандарды қадағалауды жүзеге асыруға міндетті басқа да оқыту, тәрбиелеу және өзге де мекемелер қызметкерлерінің тарапынан оны тәрбиелеу, оқыту және (немесе) бағып-күту жөніндегі міндеттерді орындамауы немесе тиісінше орындамауы салдарынан, не оның үйден немесе бала құқығын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардан өз еркімен кетуі салдарынан мінез-құлқына бақылау болмаған кәмелетке толмаған бала; 3) панасыз қалған бала — тұрғылықты жері жоқ қадағалаусыз қалған бала;

4) Өмірде қиын жағдайға душар болған балалар - қалыптасқан жағдайлардың салдарынан тіршілік әрекеті бұзылған және осы жағдайларды өз бетінше немесе отбасының көмегімен жеңе алмайтын балалар; 5) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу (бұдан әрі кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы) — кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар, қадағалаусыз, панасыз қалудың және қоғамға жат іс-әрекеттердің алдын алуға, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға бағытталған, кәмелетке толмағандармен, сондай-ақ оларды тәрбиелеу, оқыту және бағып-күту жөніндегі міндеттерін орындамайтын не олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін ата-аналармен немесе басқа да заңды өкілдермен жеке профилактикалық жұмыстарды қоса жүзеге асыратын құқықтық, педагогикалық, медициналық және өзге де шаралар жүйесі; 6) жеке профилактикалық жұмыс — мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, азаматтардың өмірде қиын жағдайға душар болған кәмелетке толмағандар мен тұрмысы қолайсыз отбасыларын уақтылы анықтау, оларды әлеуметтік оңалту және (немесе) олардың құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі қызметі; 7) тұрмысы қолайсыз отбасы — кәмелетке толмағандардың ата-анасы немесе заңды өкілдері оларды тәрбиелеу, оқыту, бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын және (немесе) олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін отбасы; 8) кәмелетке толмағанды тәрбиелеу — балаға қоғамда қалыптасқан және оның рухани, дене бітімі, имандылық, психикалық, мәдени, зияткерлік дамуына және әлеуметтік ортаның теріс ықпалынан қорғауға бағытталған мінез-құлық ережелері мен нормаларын дарыту жөніндегі ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің тарапынан оған әсер ететін үздіксіз процесс; 9) кәмелетке толмағанды бағып-күту — кәмелетке толмағанның ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің өз қаржылық мүмкіндіктері мен қабілеттерінің шегінде оның салауатты дамуы, оның мүліктік және мүліктік емес құқықтары мен мүдделерін және мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттарын қорғау үшін жағдай жасауы;

10) әлеуметтік оңалту — кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы жүйесінің органдары мен мекемелері жүзеге асыратын өмірде қиын жағдайға душар болған кәмелетке толмағандарды құқықтық, әлеуметтік, дене бітімі, психикалық, педагогикалық, моральдық және (немесе) материалдық қалпына келтіруге бағытталған шаралар кешені. Қазақстан Республикасының кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.